

«КМФ Банк» АҚ
Корпоративтік этика кодексі

Бизнес-иегер	HR департаменті
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «15» шілде №6 хаттамасы
Күшіне енді:	2025 жылғы «15» шілдеден бастап

Алматы қ.,
2025 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	2
2-тарау. Корпоративтік мәдениет негіздері	5
3-тарау. Клиенттермен өзара іс-қимыл.....	7
4-тарау. Банк қызметкерлерімен өзара іс-қимыл.....	9
5-тарау. Банк акционерлерімен өзара іс-қимыл.....	10
6-тарау. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл	10
7-тарау. Қоғаммен өзара іс-қимыл.....	10
8-тарау. Серіктестермен, жеткізушілермен, контрагенттермен өзара іс-қимыл	11
9-тарау. Бәсекелестермен өзара іс-қимыл	12
10-тарау. Банк ішіндегі қарым-қатынас	12
11-тарау. Орнықты даму	12
12-тарау. Заңға қайшы әрекеттерді жүзеге асыруға жол бермеу	13
13-тарау. Банк қызметкерлерінің міндеттемелері	15
14-тарау. Қорытынды ережелер	17

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «КМФ Банк» АҚ корпоративтік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде іскерлік мінез-

құлық пен корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын ескере отырып, Банктің корпоративтік басқару кодексiне сәйкес әзiрлендi.

2. Осы Кодекс Банктің корпоративтік басқаруының бөлігі болып табылады, Банктің барлық қызметкері атқаратын лауазымының деңгейіне және мәртебесіне қарамастан қолдануға міндетті мінез-құлық ережелері мен этикалық қағидаттарды қамтиды.

3. Осы Кодекстің негізгі мақсаттары:

- 1) жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;
- 2) Банкте сенім, өзара құрмет және адалдық ахуалын құру;
- 3) атқаратын лауазымы мен мәртебесіне қарамастан Банктің барлық қызметкері басшылыққа алуға тиіс корпоративтік және іскерлік этиканың негіз қалаушы қағидаттары мен нормаларын белгілеу;
- 4) корпоративтік және іскерлік мінез-құлықтың үздік тәжірибелерін қолдану арқылы мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

4. Осы Кодексте мына терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) Банк омбудсманы – Қарыз алушы мен Банктің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында Банк пен қарыз алушы - жеке тұлға арасындағы ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді оның өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 2) іскерлік этика – Банктің барлық қызметкері ұстанатын және өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік мінез-құлықтың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы;
- 3) кемсітушілік – адамның іскерлік қасиеттеріне байланысты емес мән-жайларға байланысты құқықтар мен бостандықтарды шектеу, сондай-ақ кез келген артықшылықтар беру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасы – белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;
- 5) мүдделі тараптар – Банктің клиенттері, акционерлері, қызметкерлері, іскер серіктестері, Банкпен өзара іс-қимылға мүдделі, Банкке ықпалы бар немесе Банк тарапынан ықпалы бар Банк қызметіне тартылған басқа да тұлғалар мен субъектілер;
- 6) конфиденциалды ақпарат – жеке, құпия болып табылатын немесе белгілі бір адамдар тобы үшін қолжетімділігі шектеулі деректер;
- 7) мүдделер қақтығысы – Банктің лауазымды тұлғаларының, оның акционерлерінің және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе Банктің және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүліктік және өзге де мүдделері арасында қайшылық туындайтын жағдай, бұл Банк және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарға әкеп соғады;

- 8) корпоративтік басқару – Банк Басқармасы, Директорлар кеңесі, акционерлер, басшы қызметкерлер мен аудиторлар арасындағы өзара қатынастар жүйесі, сондай-ақ Банктің уәкілетті алқалы органдары арасындағы өзара қатынастар;
- 9) корпоративтік мәдениет – Банктің мақсаттарына қол жеткізуді, оның клиенттер, қызметкерлер мен әріптестер үшін тартымдылығының өсуін қамтамасыз ететін Банктің беделіне және оған деген сенімге әсер ететін құндылықтардың, іскерлік өзара қарым-қатынастардың этикалық нормаларының, мінез-құлық қағидаларының жиынтығы;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік);
- 11) алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену;
- 12) КЖ/ТҚҚ – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату (заңдастыру), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру;
- 13) жауапты банк қызметі – Банк қызметінің қоғамның қажеттіліктерімен келісілуі, Банк қабылдаған қағидалардың, нормалардың, стандарттар мен міндеттемелердің, жалпы қабылданған моральдық және әдеп нормаларының тиісінше сақталуы, мүдделі тараптармен ашық және адал өзара іс-қимыл жасау, Банктің шешім қабылдау процесінде олардың пікірлері мен мүдделерін есепке алу, орнықты даму мақсаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілік, сондай-ақ орнықты даму саласындағы қызметтің ашықтығы мен есептілігі;
- 14) КЖ/ТҚҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 15) Банк қызметкері – Банкпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;
- 16) Банктің беделі – Банк қызметінің артықшылықтары мен кемшіліктері, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлқы туралы қалыптасқан қоғамдық пікір;
- 17) уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – УАО) – Банктің Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер;
- 18) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;
- 19) харассмент – жеке шекара мен субординацияны бұзу, тиісу, қорлау және жекеменшік өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу;
- 20) ESG – экологиялық (E - Environmental), әлеуметтік (S - Social) және басқарушылық (G - Governance) жауапкершілік қағидаттарында бизнесті этикалық жүргізу тұжырымдамасы, ол жауапты банк қызметіне көшуді қамтамасыз етуге, экология мен әлеуметтік салаға теріс әсерді

төмендетуге, корпоративтік басқару сапасын және ашықтықты арттыруға бағытталған.

2-тарау. Корпоративтік мәдениет негіздері

5. Банктің корпоративтік мәдениеті миссия мен өзара іс-қимыл қағидаттары негізінде қалыптасады. Миссия Банктің жоғары мақсаты мен мұратын білдіреді. Өзара әрекет қағидаттары өзара әрекеттесудің тиімді, сенімді және ашық ортасын құруға және сақтауға көмектесетін нұсқаулық ретінде қызмет етеді.
6. Банктің миссиясы – Сіздің бизнесіңіз үшін ең үздік қаржыландыру, Банктің нарықтағы стратегиясы мен позициясын көрсетеді.
7. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Банк:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының, УАО шешімдерін, сондай-ақ Банк қызметіне қатысты өзге де құжаттарды сақтайды;
 - 2) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді;
 - 3) қызметкерлердің негізгі санаттары бойынша гендерлік, этникалық және жас ерекшеліктерін қоса алғанда, кадрлық алуандықты қолдайды;
 - 4) төтенше жағдайларға ден қоюды оқытуды, алғашқы көмек көрсету мен өрт қауіпсіздігін оқытуды және қауіпсіз кеңсе ғимараттарын қоса алғанда, жұмыс орнында денсаулық пен еңбекті қорғауға ықпал ететін тең еңбек жағдайларын жасайды;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген шектерде конфиденциалды ақпаратты жария етпеуді қамтамасыз етеді;
 - 6) Қазақстан Республикасының банк заңнамасына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, Төлемдер мен төлем жүйелері туралы, Бағалы қағаздар нарығы туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, Акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларына сәйкес ақпараттың уақытылы және дұрыс ашылуын қамтамасыз етеді;
 - 7) міндетті түрде барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз еткен кезде жекелеген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді (заң жүзінде көзделген жағдайлардан басқа);
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте жауапкершілік көтереді.
8. Банкте қабылданған және таратылатын өзара іс-қимыл қағидаттары:

- 1) біздің негізгі мақсат – бақытты клиент;
 - 2) берік байланыс – бақытты ұжым;
 - 3) Көшбасшы сияқты әрекет ет;
 - 4) оңтайлы, ұтымды шешімдер табамыз.
9. Біздің негізгі мақсат – бақытты клиент:
- 1) іс-әрекетімізде мақсат бірінші кезекте;
 - 2) «Біз мұны не үшін істейміз?» деген сұрақ қоямыз;
 - 3) мақсатқа жетіп, жаңасын қоямыз.
10. Берік байланыс – бақытты ұжым:
- 1) біз адал және ашық қарым-қатынас орнатамыз;
 - 2) біз пайымды кері байланыс беріп, көмектесеміз және қолдау көрсетеміз;
 - 3) біз жіберілген қателер туралы айтып, олардан сабақ аламыз;
 - 4) біз бір-бірімізді құрметтейміз және алған тәжірибеміз үшін алғыс айтамыз.
11. Көшбасшы сияқты әрекет ет:
- 1) мен үнемі рухтандырамын, үлгі боламын және әрқайсысының нәтижесін мойындаймын;
 - 2) мен өзара іс-қимылды жақсарта отырып, батыл әрекет етемін;
 - 3) мен ойлау шекараларын батыл түрде алып тастаймын және мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін жасаймын;
12. Оңтайлы, ұтымды шешімдер табамыз.
- 1) біз клиенттердің, Банктің, бір-біріміздің уақытымызды, ақшамызды және басқа ресурстарды үнемдейміз;
 - 2) біз жұмыс бойынша кездесеміз және нәтиже шығарамыз;
 - 3) біз дәлелдерді сандармен растаймыз;
 - 4) біз экологиялық таза, сапалы болашақ үшін шығындарды азайтамыз.
13. Банк бизнесте корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға үлкен мән береді. Банктің әлеуметтік жауапкершілігі өз жетістігіне адамдарға, қоғамға және әлемдік қоғамдастыққа деген құрмет пен этикалық қағидаттар арқылы қол жеткізуден көрінеді.
14. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі бағыттар:
- 1) Банк адамдардың, бизнестің, қоғамның және елдің дамуына ықпал етеді;
 - 2) Банк клиенттерге қатысты жоғары стандарттар мен қызмет көрсету сапасын ұстанады, клиенттердің мүддесі үшін әрекет етеді және олардың қажеттіліктерін барынша түсінуге ұмтылады;
 - 3) Банк персоналға қатысты еңбек қатынастары және әлеуметтік әріптестік саласында жауапты саясат жүргізеді, теңдік қағидатын ұстана отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтайды;
 - 4) Банк қоғамға қатысты клиенттер, қызметкерлер, акционерлер, іскер әріптестер және өзге де мүдделі тараптар үшін қызметтің ашықтығы мен айқындығы қағидатын ұстанады;

- 5) Банк өз қызметінің қоршаған ортаға, қоғамға, адамға әсерін ескеруге ұмтылады.

15.Банктің корпоративтік мәдениеті мен командалық рухы:

- 1) барлық құрылымдық бөлімшелер басшыларының ортақ көзқараспен біріктірілген ізбасарлар тобын құру жөніндегі тұрақты жұмысына;
- 2) әріптестермен, клиенттермен және өзге де тұлғалармен қарым-қатынаста құрмет, сыпайылық, ізгі ниет, әділдік, өз қадір-қасиетін сезіну және этикалық көзқарас қағидаттарына;
- 3) корпоративтік мәдениет пен ішкі ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін қызметкерлердің корпоративтік дәстүрлерді қолдауға белсенді қатысуына;
- 4) оқыту, тәлімгерлік, консультация беру арқылы персоналдың кәсіби дамуы мен мансаптық өсуіне нақты қамқорлық жасауға.
- 5) бастамашыл, кәсіби қызметкерлер қатарынан Банктің кадр резервін құруға;
- 6) ақпаратты екі жақты түсіндіру, бұрмалау немесе талдау мүмкіндігін болдырмайтын анық және айқын жолға қойылған ішкі коммуникацияға;
- 7) жұмысқа қабылдау кезінде бірыңғай стандарттарды қолдануға, әрбір қызметкердің қызметін бағалауға, ашық критерийлер негізінде Банк қызметкерлерін жоғарылатуға негізделеді.

3-тарау. Клиенттермен өзара іс-қимыл

16.Банк өз қызметінде клиенттерді сапалы қаржыландыру үшін клиентоцентристік стратегияны ұстанады.

17.Тиімді және ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды дамыту және Банкте сапалы сервистің үздік тәжірибелерін ұсыну үшін клиенттермен жұмыс істеудің озық әдістері қолданылады — Сервис стандарттары, Клиентті қорғау қағидаттары сақталады.

18.Банк өз қызметінде Клиентті қорғаудың 8 қағидатын сақтайды:

- 1) өнімдер мен жеткізу арналарын тиісті әзірлеу;
- 2) шамадан тыс берешекке жол бермеу;
- 3) ашықтық;
- 4) жауапты баға белгілеу;
- 5) клиенттерге әділ және құрметпен қарау;
- 6) клиент деректерінің құпиялылығы;
- 7) өтініштерді (шағымдарды) қарау және шешу тетіктері;
- 8) Басшылық тарапынан клиенттерді қорғауға ұмтылу және кадр жүйесінде жүзеге асыру. Банк алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін түзету шараларын қабылдайды, клиенттерді қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқытады, әлеуметтік және қаржылық критерийлер негізінде қызметкерлерді бағалайды және көтермелейді.

19.Банк клиенттердің өсуі мен дамуын белсенді қолдай отырып, олармен ұзақ мерзімді және сенімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.

20. Банк қызметкерлері клиенттерге құрметпен қарап, олардың мүдделері мен қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін Банктің өнімдері мен қызметтерін таңдауға көмектесу үшін әрқашан адал әрі ашық әрекет етеді.
21. Банк клиенттерге қатысты саяси, діни, нәсілдік, ұлттық, гендерлік және басқа да белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермейді.
22. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарына және тиісті шарттарға сәйкес банк өнімдері мен қызметтерін ұсынады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын операцияларды уәкілетті органның банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы негізінде жүзеге асырады.
23. Банк клиенттер тарапынан түсініспеушіліктер мен наразылықтарды болдырмау үшін кез келген алдау жағдайларына немесе күмәнді мәліметтерге жол бермей, нақты және шынайы ақпарат беруге кепілдік береді.
24. Банк филиалдарда (олардың жайларында), көруге және танысуға қолжетімді жерде және өзінің интернет-ресурсында қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерді бекіту және оларға өзгерістер енгізу күндері туралы мәліметтерді, ішкі нормативтік құжаттардың нөмірлері мен оларды бекіткен (қабылдаған) Банк органын көрсете отырып, банк қызметтері үшін мөлшерлемелер мен тарифтер, оның ішінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша тарифтер туралы өзекті ақпаратты орналастырады.
25. Банктік қызметтер туралы жарнама Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес таратылады.
26. Банк клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттары туралы ақпаратты және банктік қызмет көрсету туралы шарт жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесін, клиенттің қалауы бойынша – банктік қызмет көрсету туралы шарттың жобасын ұсынады.
27. Банк клиенттерге көрсетілетін банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде олардың Банкке, банк омбудсманына, уәкілетті органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы хабарлайды.
28. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен клиенттердің өтініштерімен жұмыс істейді.
29. Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақытылы қарауды қамтамасыз етеді, клиенттерге олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлайды.
30. Клиент өтінішінің негізділігі мен заңдылығы жағдайында Банк бұзушылықты жою және клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
31. Банктің мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты шеңберінде Банкпен міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

32.Банк клиент ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Банктік құпияға қатысты мәліметтерді ашу, сондай-ақ клиенттің дербес деректері бойынша ақпаратты үшінші тұлғаларға беру (жария ету), банктік құпияға және дербес деректерге қатысты мәліметтерді беру (жария ету) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттің банктік құпияны және дербес деректерді ашуға жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

33.Банк клиенттермен іскерлік қатынастар орнатады, клиенттердің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларын жүргізеді, КЖ/ТҚҚ, оның ішінде Банктің санкциялық саясаты мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, клиенттермен іскерлік қатынастарды тоқтатады.

4-тарау. Банк қызметкерлерімен өзара іс-қимыл

34.Банк қызметкерлермен қарым-қатынасты ұзақ мерзімді ынтымақтастық, өзара сыйластық және өзара міндеттемелерді мүлтіксіз орындау қағидаттарында құрады.

35.Банк жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, мансаптық ілгерілетуді қоса алғанда, қызметтің кез келген аспектілерінде қызметкерлерге қатысты саяси, діни, ұлттық, нәсілдік, гендерлік немесе басқа ерекше белгілер және ерекшеліктер бойынша қандай да бір кемсітушілік көріністеріне жол бермейді.

36.Банк өз қызметінде мынадай құжаттарда баяндалған халықаралық қағидаттарды ұстанады: БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы және БҰҰ-ның Жаһандық шарты.

37.Банк оқыту, кәсіби біліктілігін арттыру үшін тең жағдайлар жасайды және өз қызметкерлерін үнемі жетілдіруге және дамытуға ұмтылады.

38.Банк еңбекке ақы төлеудің тиімді жүйесін қамтамасыз етеді және қызметкерлерге жеке тиімділік нәтижелеріне сәйкес мансапты дамыту үшін тең мүмкіндіктерге кепілдік береді.

39.Банк денсаулық пен еңбекті қорғау, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тиісті шаралардың іске асырылуын және Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының сақталуын қадағалайды.

40.Банк ұжымда өзара сыйластықты, процестерді оңтайландыру және жақсарту бойынша ақпарат пен ұсыныстарды еркін алмасуды ынталандыратын ашық және сенімді ахуалды қалыптастыруға және қолдауға ұмтылады.

41.Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және еңбек шарттарында көзделген қызметкерлер алдындағы міндеттемелерді қатаң орындайды.

42.Банк қызметкерлердің Банк өміріне белсенді қатысуын қолдайды, бұл Банктің корпоративтік мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

43. Банк қызметкерлерге қатысты құпия ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген шектерде жария етпеуді қамтамасыз етеді.
44. Қызметкерлердің қоғамдық, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және кәсіпкерлік қызметке қатысуы Банкке теріс әсер етпесе, сондай-ақ қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерін тікелей орындауына кедергі келтірмесе, Банк олардың мұндай қызметпен айналысуына түсіністікпен қарайды.

5-тарау. Банк акционерлерімен өзара іс-қимыл

45. Акционерлермен өзара іс-қимыл ақпараттың ашықтығы, айқындығы, есептілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және корпоративтік басқару кодексіне, сондай-ақ Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келеді.
46. Банк барлық акционердің құқықтарын тең шарттарда құрметтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес олардың мүдделерін қорғауға кепілдік береді.
47. Банк капиталдандыруды арттыру, стратегиялық міндеттерді іске асыру және өз қызметіндегі тәуекелдерді азайту арқылы акционерлердің ұзақ мерзімді әлауқатын қамтамасыз етуге ұмтылады.
48. Банк корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін, сондай-ақ кәсіби және іскерлік этиканы қолдауды мақсат тұтады.

6-тарау. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл

49. Банктің мемлекеттік органдармен, сондай-ақ банктік реттеу және қадағалау органдарымен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, ашықтық және ынтымақтастық қағидаттарына негізделеді.
50. Тексерулер немесе тергеулер жүргізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың сұрауларына жауап беру кезінде Банк барынша жәрдем көрсетеді және заңнамада белгіленген мерзімдер мен көлемде толық ақпарат береді.
51. Банк адал салық төлеуші болып табылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің операциялық қызметіне озық әдістер мен рәсімдерді енгізуге ұмтылады.
52. Банк конфиденциалды ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органдарға орнықты даму аспектілерін қоса алғанда, өз жұмысы туралы толық және сапалы ақпарат беру арқылы өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.
53. Банк мемлекеттік органдардың шешімдеріне ықпал етудің заңсыз немесе этикалық емес әдістерін пайдаланудың кез келген әрекеттеріне жол бермейді.

7-тарау. Қоғаммен өзара іс-қимыл

54. Банк өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінеді және барлық мүдделі тарап үшін құндылық жасай отырып, оның дамуына белсенді ықпал етуге тырысады. Банк өмір сүру сапасын жақсартуға, жергілікті қауымдастықтарды дамытуға және тұрақты өсуге ықпал етуге бағытталған бастамаларды қолдайды.

- 55.Банктің қызметі әлеуметтік мәселелерді шешуге, қаржылық сауаттылықты арттыруға және қоғамның әл-ауқатына ықпал ететін кешенді шешімдерді ілгерілетуге бағытталған.
- 56.Банк өз қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, қоғаммен қарым-қатынаста ашық және адал әрекет етеді. Банк клиенттердің, серіктестердің және жалпы қоғамның сенімін сақтау үшін есеп беруде, жұмыс нәтижелерінде және шешім қабылдауда барынша ашықтыққа ұмтылады.
- 57.Банк қоғаммен және басқа да мүдделі тараптармен коммуникация және кері байланыс арналарын үнемі жақсартуға ұмтылады.
- 58.Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста Банк жоғары этикалық стандарттарды ұстанады және жалған ақпарат таратуға, сондай-ақ өзінің жарнамалық қызметінде және жұртшылықпен басқа да қарым-қатынастарда фактілерді жасыруға немесе бұрмалауға жол бермейді.
- 59.Банк ел экономикасының өсуіне, өмір сүру сапасын жақсартуға, білім беру бастамаларын дамытуға, сондай-ақ қаржылық сауаттылық пен әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға ықпал ететін жобаларды қолдайды.
- 60.Банк жасына, жынысына, ұлтына, дініне немесе кез келген басқа белгілерге қатысты кемсітушіліктің болмауына кепілдік бере отырып, қоғамның барлық тобы үшін тең жағдайларды қолдайды.

8-тарау. Серіктестермен, жеткізушілермен, контрагенттермен өзара іс-қимыл

- 61.Банк серіктестермен, жеткізушілермен және контрагенттермен өзара тиімді шарттар, ашықтықты сақтау және шарттарда көзделген міндеттемелерді орындау үшін толық жауапкершілік негізінде ынтымақтастық орнатады.
- 62.Банк сатып алуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық нормаларын, сондай-ақ Банктің нормативтік актілері мен ішкі нормативтік құжаттарын қатаң ұстанады.
- 63.Жаңа келісімшарттар жасамас бұрын немесе қолданыстағы келісімшарттарды ұзартпас бұрын Банк өзінің іскери серіктестеріне, жеткізушілеріне және контрагенттеріне мұқият тексеру жүргізеді.
- 64.Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерді таңдау кезінде Банк жоғары сапаға, тиімді шарттарға және мінсіз беделге назар аударады.
- 65.Қызмет көрсету, жұмыстарды орындау немесе тауарларды жеткізу үшін серіктестерді, жеткізушілерді және контрагенттерді таңдау кезінде Банк теңдік, әділдік және қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын басшылыққа алады.
- 66.Банк іскери серіктестермен, жеткізушілермен және контрагенттермен жасалған келісімшарттардың барлық талаптарын сақтайды және олардың алдындағы міндеттемелерін орындайды.
- 67.Банк іскери серіктестерге, жеткізушілерге және контрагенттерге оның беделіне теріс әсер етуі мүмкін негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге жол бермейді.

9-тарау. Бәсекелестермен өзара іс-қимыл

- 68.Бәсекелестермен қарым-қатынаста Банк адал, әділ және еркін бәсекелестік қағидаттарын ұстанады.
- 69.Банк монополияға қарсы заңнаманы, оның ішінде адал бәсекелестікке қатысты нормаларды қатаң сақтайды.
- 70.Банк өз бәсекелестері туралы ақпарат іскерлік этика нормаларына сәйкес жиналатынына және пайдаланылатынына кепілдік береді.
- 71.Бәсекелестік процесінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда, Банк келіссөздер жүргізіп, ымыралы шешімдер іздеуді жөн көреді.

10-тарау. Банк ішіндегі қарым-қатынас

- 72.Банк адалдық, сыйластық және өзара көмек қағидаттарын қолдайды және әр қызметкер өзінің күнделікті қызметінде осы парадигма аясында әрекет етеді деп күтеді.
- 73.Банк барлық қызметкер бір-бірін қолдайтын, жоғары этикалық стандарттарды ұстанатын және корпоративтік мәдениетті нығайтуға ықпал ететін құрметке толы және сындарлы жұмыс атмосферасын құруға шақырады.
- 74.Банк қызметкерлері олардың жеке мүдделері Банктің мүдделерімен қайшы келуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермеулері керек.
- 75.Банктің барлық қызметкері кез келген ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға және жеке пайда алуға немесе Банктің мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеп соғуы мүмкін шешімдерді қабылдауға қатысудан бас тартуды қоса алғанда, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен оларды болдырмау үшін шаралар қабылдауға міндетті.
- 76.Банк шешім қабылдаудың объективтілігіне әсер етуі немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың немесе заңсыз ықпалдың болуы туралы әсер қалдыруы мүмкін сыйлықтар алмасуға мен ілтипат белгісін көрсетуге тыйым салады. Қызметкерлер алған барлық сыйлықтар мен ұсыныстар ашық және заңнама талаптарына және Банктің ішкі саясатына сәйкес болуы керек.
- 77.Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық құқық нормаларында белгіленген қызметкерлердің құқықтарын сақтайды, жеке бас бостандығын, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және адамның қадір-қасиетін құрметтейді.
- 78.Өз еңбек міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ Банктің үй-жайларында болған кезде қызметкерлер Банк саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде Банк қабылдаған және әзірлеген қауіпсіздік техникасы қағидаларын қатаң сақтауға тиіс.
- 79.Әдейі не абайсызда жасалған қауіпсіздік техникасының белгіленген ережелерін бұзу және бұл ретте өзінің не айналадағы адамдардың өміріне не денсаулығына қауіп төндіру еңбек тәртібін өрескел бұзу болып саналады.

11-тарау. Орнықты даму

- 80.Банк ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу және барлық мүдделі тарапқа құндылықты қалыптастыру үшін орнықты даму және ESG қағидаттарын енгізудің маңыздылығын түсінеді. Банк экономикалық өсу экологиялық

жауапкершілікпен, әлеуметтік әділдікпен және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарымен тығыз байланысты екенін мойындайды.

81. Банк орнықты даму туралы көзқарастары мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелері өзіне сәйкес келетін бизнес-серіктестермен ынтымақтастық орнатуға тырысады.
82. Банк өз қызметкерлері арасындағы экологиялық жауапты мінез-құлықтың маңыздылығын атап көрсетеді және олардың жеке жауапкершілік туралы хабардарлығын арттыруға көмектеседі.
83. Банк ресурстарды саналы түрде тұтынуды, қалдықтарды бөлек жинауды, энергия тиімділігін арттыруды және табиғатты қорғауға және климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған экологиялық бастамаларды қолдайды.

12-тарау. Заңға қайшы әрекеттерді жүзеге асыруға жол бермеу

84. Банк қызметкерлердің заңға қайшы қызмет/әрекет, оның ішінде алаяқтық, алдау, КЖ/ТҚ жүзеге асыруға тартылуына жол бермеу үшін барлық күш-жігерін салады және осыған қатысты қатаң позицияны ұстанады.
85. Банк сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың, алаяқтық пен алдаудың кез келген түріне төзбеушілік танытады және өз қызметкерлерінде өздерінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, өздері және үшінші тұлғалар үшін лайықсыз және заңсыз табыс алатын немесе әріптестерінде мұндай мінез-құлықты көтермелейтін қылықтарға жол бермейді.
86. Банктің барлық қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, пара ұсынуға және алуға, өкілеттіктерін теріс пайдалануға, әкімшілік және өзге де рәсімдерді оңайлату мақсатында не өзі немесе үшінші тараптар үшін ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түріндегі пайда алу мақсатында коммерциялық пара беруді жүзеге асыруға тыйым салынады.
87. Серіктестермен, жеткізушілермен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен және т. б. қатынастарда брендтелген кәдесый өнімін қоспағанда, Банктің барлық қызметкерлеріне қымбат сыйлықтар немесе өзге де пайда алуға және беруге тыйым салынады.
88. Сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символикалық ілтипат көрсетуге, кәдесыйларға жол беріледі.
89. Банктің алаяқтықты, алдауды, КЖ/ТҚ алдын алу жөніндегі қызметінің негізгі қағидаттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген.
90. Клиенттермен, контрагенттермен, корреспондент банктермен және өзге де қаржы институттарымен жұмыс істеу кезінде Банктің барлық қызметкерлері КЖ/ТҚҚ мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын мүлтіксіз сақтауға тиіс.
91. Искерлік қатынастарға түскенге дейін, клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциясын жүргізгенге дейін Банк қызметкерлері КЖ/ТҚҚ

мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген тиісті тексеру шараларын қабылдауға тиіс.

92.Банк қызметкерлері өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық / алаяқтық / алдау/ Банк мүлкін ұрлау және КЖ/ТҚ жағдайлары туралы тікелей басшылыққа, қауіпсіздік бөлімшесіне, комплаенс бөлімшесіне, тәуекелдерді басқару бөлімшесіне хабарлауға тиіс.

93.Сыбайлас жемқорлық/алаяқтық/жымқыру және КЖ/ТҚ фактілері қызметкерлердің және өзге де мүдделі тараптардың хабарламалары бойынша құпиялылықты сақтаудың абсолютті кепілдігі кезінде анықталуы мүмкін.

94.Банк қызметкерлері және өзге де мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасын және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын бұзу, оның ішінде этикалық мінез-құлық нормаларын сақтамау, заңға қайшы қызмет/әрекет жасау, оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, парақорлық, алдау, КЖ/ТҚ, Банк қызметкерлерінің қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастыру, Банк қызметкерлерінің құмар ойындарға және бәс тігуге қатысу, тартылу немесе рұқсат беру, Банк қызметкерлері, басқа қаржы ұйымдарының қызметкерлері, мердігерлер, жеткізушілер, консультанттар, Банкпен ынтымақтастық орнатқан және (немесе) іскерлік қатынастары бар бөгде ұйымдардың қызметкерлері де тартылған әдейі қателік жіберу фактілері туралы төмендегі әдістермен:

- қауіпсіздік бөлімшесінің электрондық поштасына doverie@kmf.kz;
- комплаенс бөлімшесінің электрондық поштасына conf.info@kmf.kz;
- Банктің интернет-ресурсына;
- +77273317474 телефон нөміріне жасырын хабарлай алады.

Банк қызметкерлері қосымша Банктің ішкі корпоративтік порталы арқылы хабарлама жібере алады.

95.Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері құпия ақпаратты құрайтын деректермен, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес дербес деректермен жұмыс істеу кезінде ерекше жауапкершілік дәрежесін көрсетеді және осындай ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

96.Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ақпараттың құпиялылығына қатысты Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен міндетті түрде танысады. Міндеттерін орындау кезінде Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы ережелер мен рәсімдерді сақтауға тиіс.

97.Банк қызметкерлері конфиденциалды ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізудің және конфиденциалды ақпаратқа қол жеткізе алмайтын басқа қызметкерлерге, сондай-ақ банктен тыс кез келген үшінші тұлғаларға конфиденциалды ақпараттың жария етілуіне жол бермеуге, сондай-ақ деректердің жоғалуына немесе жойылуына жол бермеуге тиіс.

98.Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ олар қабылданған міндеттемелерге сәйкес Банкте еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін Банк қызметкерлері еңбек қызметін жүзеге асыру уақытында конфиденциалды ақпаратты жария етпеуге тиіс.

99. Ақпараттың конфиденциалдығын сақтау қағидаларын бұзу немесе жүйелер мен құрылғылардың қауіпсіздігін бұзу туралы мәліметтерді алған кезде Банк қызметкері осы факт туралы Банктің ішкі нормативтік құжатында белгіленген тәртіппен қауіпсіздік бөлімшесіне дереу хабарлауы қажет.

13-тарау. Банк қызметкерлерінің міндеттемелері

100. Банктің барлық қызметкері өздерінің кәсіби қызметі барысында іскерлік қарым-қатынастың мынадай қағидаттарын ұстануға тиіс:

- 1) Банктің іскерлік беделі мен имиджін қолдау және қорғау;
- 2) клиенттермен, әріптестермен, серіктестермен, контрагенттермен және жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасай отырып, адалдықты, ашықтықты, әдептілік пен әділдікті ұстану;
- 3) жеке тұлғаларға немесе басқа ұйымдардың қызметкерлеріне протекция немесе артықшылық беру ретінде қабылдануы мүмкін кез келген әрекеттерден аулақ болу;
- 4) алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және оны жеке мақсаттарда немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбау;
- 5) егер бұл Банктің мүдделеріне нұқсан келтіруі немесе оның беделіне теріс әсер етуі мүмкін болса, үшінші тараптармен коммерциялық қатынасқа түспеу;
- 6) Банктің корпоративтік мәдениетін қолдауға жәрдемдесу;
- 7) әріптестерінің жеке өмірін құрметтеу және оған араласпау;
- 8) корпоративтік рәміздерге құрметпен қарау;
- 9) өзара іс-қимылдың мақсаты мен орнына қарамастан, әріптестеріне құрмет көрсету;
- 10) әріптестерін қорламау және олармен жанжалдың туындауына жол бермеу, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормаларын сақтау арқылы өзін дұрыс және лайықты ұстау;
- 11) кеңседе, жұмыс орнында мінез-құлық этикасын сақтау;
- 12) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, өзінің еңбек міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану.

101. Банк басшылары қарамағындағылармен қарым-қатынаста:

- 1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі ретінде қызмет етуге;
- 2) меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша артықшылық бермеуге;
- 3) қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;
- 4) еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметкерлердің ар-намысы мен

қадір-қасиетіне кемсітушілік пен қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын жайлы моральдық-психологиялық атмосфера құруға бағытталған шараларды қабылдауға;

- 5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 6) заңға қайшы іс-әрекеттерді, сонымен қатар жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрlemeуге;
- 7) қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге міндетті.

102. Банк қызметкерлеріне клиенттерге, әріптестерге, серіктестерге, жеткізушілерге және контрагенттерге қатысты орынсыз мінез-құлық көрсетуге тыйым салынады:

- 1) қол көтеру немесе тіл тигізу, агрессивті мінез-құлық, дауыс көтеру және қол жұмсау арқылы жағдайды шешуге тырысу, қорлайтын қимылдармен, сөйлеуде балағат сөздер мен бейресми сөздерді қолдана отырып түсіндіру;
- 2) жанындағы адамға ұнамайтын қылықтар жасау: жақындау, иығынан ұру және т.б.
- 3) қорлайтын немесе орынсыз қалжың айту, пікір білдіру, келемеждеу, мазақ қылу, ерсіз ескертулер жасау;
- 4) жеке тұлғаның беделін түсіретін, абырой мен қадір-қасиетінен айыратын немесе жаман атқа қалдыратын жалған мәліметтерді тарату;
- 5) жұртшылықпен байланыс үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуынсыз және (немесе) келісімінсіз бұқаралық ақпарат құралдарына Банктің, оның акционерлерінің, іскерлік серіктестерінің, клиенттерінің қызметіне қатысты кез келген ақпаратты немесе түсініктемелерді дербес беру;
- 6) әлеуметтік желілерде Банк туралы теріс ақпаратты, Банк қызметкерлері арасындағы ішкі өзара қатынастарды, жанжалдарды және бейресми сипаттағы және Банктің имиджі мен беделіне теріс әсер етуге қабілетті басқа да ішкі ақпаратты тарату;
- 7) харассмент және кемсітушіліктің кез келген түрі.

103. Банктің атынан сөз сөйлеген кезде Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жалпы қабылданған кәсіптік мінез-құлық және іскерлік этика нормаларын сақтауға, тек сенімді ақпаратты таратуға, сондай-ақ конфиденциалды ақпаратты жария етпеуге міндетті.

104. Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында көзделген міндеттерді орындауға кедергі келтірсе, Банктің жұмысын, басқарылуын және тұрақтылығын бұзса, Банкте дінге және діни нанымдарға байланысты әрекеттерге тыйым салынады. Қызметкерлердің діни қызметке қатысуына ықпал етуге, мүлікті діни бірлестіктердің пайдасына беруге

мәжбүрлеуге, сондай-ақ діни араздықты немесе жанжалдарды қоздыруға жол берілмейді.

105. Банктің әрбір қызметкері белгіленген бірыңғай киім үлгісін — dress code ұстана отырып, Банктің оң беделіне қамқорлық жасауға тиіс.
106. Банктің бас офисінің, филиалдары мен бөлімшелерінің барлық қызметкерлері үшін Business casual стилі қарастырылған. Кассирлер, қызмет көрсету мамандары және жеке менеджерлер брендтелген корпоративтік киіммен қамтамасыз етіледі.
107. Банктің әрбір қызметкері еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерге ие.
108. Банк қызметкерлері өз өтініштерін тікелей Келісу комиссиясына және Этика жөніндегі комитетке жіберуге құқылы, олар әдеп нормалары мен мінез-құлық ережелерінің бұзылуына байланысты туындаған жанжалды жағдайларды, қысым көрсетуді, кез келген түрдегі кемсітушілікті шешу үшін құрылған.
109. Келісу комиссиясы – бұл бас офисте жұмыс беруші мен қызметкерлердің өкілдерінің тең санынан тепе-тең негізде құрылатын тұрақты жұмыс істейтін орган. Банк қызметкерлері Келісу комиссиясының әрекеттегі құрамымен ішкі корпоративтік порталда таныса алады: <https://life.kmf.kz/>.
110. Этика жөніндегі комитет – тұрақты негізде жұмыс істейтін консультациялық орган. Этика жөніндегі комитет іскерлік этиканы бұзу жағдайларын шешу, жағдайды диагностикалау және қызметкерлер үшін дұрыс мінез-құлықты анықтау үшін құрылған.
111. Қызметкерлер өтінішті ішкі корпоративтік портал арқылы Келісу комиссиясына және Этика жөніндегі комитетке жібере алады.
112. Еңбек саласында өзін кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін Банк қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де инстанцияларға жүгінуге құқылы.

14-тарау. Қорытынды ережелер

113. Осы Кодекс сипатталатын процеске қатысатын Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін орындауға міндетті.
114. Жоғарыда баяндалған процеске қатысатын Банк қызметкерлері Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес осы Кодекстің талаптарын сақтауға жауапты болады.
115. Осы Кодекстің талаптарын тиісінше орындамағаны және бұзғаны үшін жауапкершілік осы Кодексте регламенттелетін процеске қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.
116. Осы Кодекс Банк қызметінің өзгерістерін, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып қайта қаралуы мүмкін.
117. Осы Кодексте реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.

118. Осы Кодекс Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін.